«ТОБЫЛ» – ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІГІНДЕГІ ІРІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ БІРІ. БІЗ ТЕК ЛОГИСТИКАЛЫҚ ТОРАП ҚҰРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ЕЛІМІЗДІҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ БЕРІК НЕГІЗІН ҚАЛАЙМЫЗ. ОСЫ РЕТТЕ «ТОБЫЛ» ЛОГИСТИКА, ЦИФРЛАНДЫРУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯНЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН ЗИЯТКЕРЛІК ПЛАТФОРМАҒА АЙНАЛАДЫ. БҰЛ ЖЕРДЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР, ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ, ЖАСТАР ҮШІН ТЫҢ ОЙЛАР ПАЙДА БОЛАДЫ. БҰЛ ҰЛТТЫҚ ЖОБА, БҮКІЛ ЕЛДІҢ ӨСУІНІҢ КАТАЛИЗАТОРЫ. ОЛ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҺАНДЫҚ ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІНДЕГІ ПОЗИЦИЯСЫН КҮШЕЙТЕДІ, СОНДАЙ-АҚ, БИЗНЕС, ИНВЕСТОРЛАР ЖӘНЕ ӨЗ ОТАНЫНДА ӨСІП, ДАМЫҒЫСЫ КЕЛЕТІН АДАМДАР ҮШІН ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕР АШАДЫ.

Ермек КӨШЕРБАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің орынбасары




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№55 (3094)
22/07/2025


## СЫРДАРИЯ АРҚЫЛЫ КӨПІР САЛЫНАДЫ

**Дарбаза – Мақтаарал теміржол желісін салу бойынша ауқымды жоба аясында Сырдария өзені арқылы көпір салуға қатысты дайындық жұмыстары басталды. Жасанды құрылыстың ұзындығы 500 метрді құрамақ. Қазіргі уақытта құрылыс алаңын дайындау және техниканы жұмылдыру жұмыстары жүргізілуде.**

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Ұзындығы 152 км жаңа тармақ салу бойынша белсенді жұмыстар Руддаут станциясынан Сырдария өзенінің жайылмасына дейінгі учаскеде жүргізілуде. Қазірдің өзінде 6 миллион текше метрден астам жер төсемі төселген, бұл жалпы көлемнің 50% құрайды.

Сонымен қатар жасанды құрылыстарды монтаждау жүргізілуде, жалпы жоба аясында барлығы 35 көпір салу және 135 құбыр орнату жоспарланған. Арыс станциясында 105 км рельсті шпалдық тор жиналып, төсеуге дайын. Құрылысқа 600-ден астам адам және 300-ден астам техника жұмылдырылған.





Жоба Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылуда және елдің көліктік-транзиттік әлеуетін дамыту үшін стратегиялық маңызы бар. Жаңа теміржол тармағы шамадан тыс жүктелген Сарыағаш – Ташкент учаскесінің, сондай-ақ Сарыағаш шекара маңы станциясының жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді, бұл Орталық Азия елдері бағытында экспорттық тасымалдарды ұлғайту үшін жағдай жасайды.

Сонымен қатар жоба Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін болады.

Жаңа жол арқылы жүк ағыны қосымша 10-14 млн тоннаға артады деп болжануда. Ал болашақта 20-25 млн тоннаға дейін өсуі мүмкін. Себебі бұл учаске Ташкент торабын айналып өтіп, жүктерді екі бағытта да тезірек тасымалдайтын болады.

Дарбаза – Мақтаарал теміржол құрылысының ұзындығы 152 шақырымды құрап, құрылыс жұмыстарына 3400 шамасында жұмысшы тартылады. Жол бойында 9 станция, разъезд бой түзеп, 9 көпір және 13 жол құбыры салынады. Ал құрылыс біткен соң 1000 жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Сондай-ақ құрылысқа 19,7 мың тонна рельс, 280 мың жиынтық темірбетонды шпал және рельс бекітпелері сатып алынып, олардағы қазақстандық мазмұн үлесі 85% құрамақ.

ҚТЖ компаниясы бұл теміржол құрылысын 2026 жылы аяқтауды жоспарлап отыр.

*Суреттерді «ҚТЖ» ҰК» АҚ баспасөз қызметі ұсынды*

### ЭКСПОРТ УГЛЯ ВЫРОС НА 14%

**По итогам первого полугодия 2025 года по сети АО «НК «Қазақстан темір жолы» на экспорт было отправлено свыше 16 миллионов тонн каменного угля. Это на 14%, или два миллиона тонн, больше, чем за аналогичный период 2024 года.**

Наибольший прирост зафиксирован по направлениям Индии и Турции. Объемы поставок в эти страны увеличились вдвое: в Индию – до 1,4 миллиона тонн, Турцию – до 1,6 миллиона тонн. Также положительная динамика отмечается в направлении Кыргызстана, где экспорт вырос на 24% и составил 280 тысяч тонн.

По-прежнему крупнейшим потребителем казахстанского угля остается Российская Федерация – с начала года туда было отгружено 11,8 миллиона тонн, что на 8% превышает прошлогодние показатели.

Рост экспортных перевозок свидетельствует об устойчивом спросе на казахстанский уголь на международных рынках, а также эффективности железнодорожной логистики в обеспечении стабильных и своевременных поставок.

*Руслан РАХМЕТОВ*

### АПАТҚА ЖОЛ БЕРМЕДІ

**Машинистер теміржол өткелдерінде көптеген жол-көлік оқиғаларының алдын алуда. Апатты жағдайда оқыс тежегіш беріп, ауыр құрамды тоқтатып үлгеру тіпті де оңай емес екені белгілі.**

Айталық, биылғы жылдың басынан бастап машинистер теміржол өткелдерінде 32 ықтимал жол-көлік оқиғасының алдын алды. Олардың кәсібилігі, жеделдігі мен жоғары жауапкершілігінің арқасында жолаушылардың зардап шегуіне, сондай-ақ жылжымалы құрам мен инфрақұрылымның зақымдануына жол берілмеді.

Барлық оқиғада жол ережесін автокөлік жүргізушілері бұзған, жақындап келе жатқан пойыздың алдынан өтіп кетем деп жолға шығып, үлгермей қалған соң көлікті өткелде тастап кетіп, оқиға орнынан қашып кетіп жататын жағдайлар аз емес екен. Соның бәрінде машинистер оқыс тежеу беріп, соқтығысудың алдын алды. Мұның бәрі пойыздардың жүру кестесіне әсер етіп, материалдық шығын әкелетіні белгілі.

Әрбір оқиға туралы ақпарат құқық қорғау органдарына берілді. Еске саламыз: теміржол өткелдерінен өту кезінде жол қозғалысы ережелерін сақтау қауіпсіздіктің міндетті шарты болып табылады. Жүргізушілердің жауапсыз әрекеті көлік процесінің барлық қатысушыларына үлкен қауіп төндіреді. Ұлттық компания уәкілетті органдармен өзара іс-қимылды күшейте отырып және халық арасында белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, өткелдердегі қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруда.

*Ұлан ОРАЗ*



**Эдиль ИСКАКОВ,**
заместитель генерального директора по корпоративным вопросам АО «Қазтеміртранс»:

«АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС» ВХОДИТ В НОВЫЙ СЕЗОН С ОБНОВЛЕННЫМ И ПОЛНОСТЬЮ ОСНАЩЕННЫМ ПАРКОМ ВАГОНОВ. ОСНОВНОЕ ВНИМАНИЕ УДЕЛЯЕТСЯ СОВРЕМЕННЫМ ПОЛУВАГОНАМ, ВКЛЮЧАЯ НОВЫЕ ПОСТАВКИ. ТАКЖЕ СФОРМИРОВАН НЕОБХОДИМЫЙ РЕЗЕРВ. В СЛУЧАЕ НЕОБХОДИМОСТИ МЫ ВЗАИМОДЕЙСТВУЕМ С АРЕНДОДАТЕЛЯМИ ДЛЯ ПРИВЛЕЧЕНИЯ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ПОДВИЖНОГО СОСТАВА, ГОТОВЫ ОБЕСПЕЧИТЬ СТАБИЛЬНЫЕ И СВОЕВРЕМЕННЫЕ ПЕРЕВОЗКИ КАК УГЛЯ, ТАК И ЗЕРНА»

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ БЕС АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША «ҚТЖ» ҰК» АҚ ЖЕЛІСІНДЕ

**107 млн тонна**

ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН.

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ АЛТЫ АЙЫНДА КӨЛІК САЛАСЫНА ТИЕСІЛІ ЖАЛПЫ ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІ

**550,7 млн**

ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ СЕМЕЙ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ БӨЛІМШЕСІ АУМАҒЫНДА

**252**

ДАЛА ӨРТІ ТІРКЕЛГЕН.

## Инфрақұрылым

## КЕСТЕГЕ САЙ ЖҮРІП ЖАТЫР

**Елімізде теміржол инфрақұрылымын жаңарту бойынша ауқымды жұмыстар жалғасуда. Бүгінгі таңда биылға жоспарланған 1482 шақырымның тең жартысы, яғни 700 шақырымнан астамы жөнделді.**

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Биыл күрделі жөндеу жұмыстары аясында 513 шақырым жол жөнделуі тиіс болатын. Қазір соның 292 шақырымы жөндеуден өткен. Атап айтсақ, Қостанай өңірі – 36 км, Павлодар облысы бойынша – 45 км, Алматы облысы – 30 км, Жамбыл облысы – 23 км, Қызылорда облысы – 6 км, Ақтөбе – 19 км, Атырау және Маңғыстау өңірлері бойынша 25 және 16 шақырым. Осылайша, жұмыс 40 телімнің 14-і бойынша аяқталған.



Жол саласы мамандары Қарағанды облысындағы «Қарағайлы» тау-кен байыту комбинаты қызмет көрсететін Көкпекті – Қарағайлы учаскесіне ерекше көңіл бөлініп отырғанын айтады. Магистральдың бұл бөлігі минералды шикізатты экспорттауда, кәсіпорындарды жабдықтауда, сондай-ақ аймақ экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етуде стратегиялық рөл атқарады. Қазіргі уақытта бұл телімде 21 км күшейтілген орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 15 000 ағаш және 3 700 темірбетон шпал, сондай-ақ 11 км ұзынөлшемді рельс тізбектері төселген.

Қысқасы, ҚТЖ желісіндегі жөндеу жұмыстары кестеге сәйкес жалғасуда. Ауқымды бағдарлама теміржол желісінің сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталып отыр.

Сонымен қатар биыл ҚТЖ локомотив бригадаларының 16 демалыс үйіне күрделі жөндеу жүргізуде. Локомотив бригадаларының тұрмыстық жағдайын жақсарту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде Атбасар, Есіл, Ақадыр, Қызылжар, Мойынты, Отар, Достық, Матай, Орал, Қандыағаш, Жем, Атырау, Сағыз, Ганюшкино және Бейнеу станцияларындағы демалыс үйіне күрделі жөндеу жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес орындалып жатыр. Шілде айының басындағы жағдай бойынша Есіл, Арқа, Отар және Бейнеу станцияларында жөндеу жұмыстары аяқталды. Атбасар (92%), Қызылжар (95%), Орал (96%) және Достықтағы нысандарда жұмыс бітуге жақын.

Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін локомотив бригадаларының демалысы үшін барлық қажетті жағдай жасалып, жайлылықпен қамтамасыз етіледі.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ФАКТОР СТАБИЛЬНОЙ РАБОТЫ

ИТОГИ

**В Региональном центре управления перевозками (РЦУП-2) в Алматы подведены итоги работы за первое полугодие 2025 года. Показатели выполнены не только в рамках технических плановых заданий, но и демонстрируют положительную динамику по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.**

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Из 10 основных эксплуатационных показателей выполнены восемь, в том числе: грузооборот – 102,8%, производительность локомотива – 101,8%, пробег локомотива – 100%, вес поезда – 101,6%, участковая скорость – 100,6%, оборот местного вагона – 102,9%, производительность вагона – 100,5%, простой на первой технической станции – 100%.

По словам начальника Юго-Восточного регионального центра управления перевозками Айдоса Тургалиева, достигнутые результаты стали возможны благодаря профессионализму коллектива, внедрению цифровых решений и четкому взаимодействию со смежными службами. В центре особое внимание уделяется вопросам оперативного управления перевозочным процессом, обеспечению безопасности движения и координации с производственными подразделениями.

За шесть месяцев 2025 года по РЦУП-2 было сформировано и пропущено 49 395 длинносоставных грузовых поездов – на 1,3% больше, чем в прошлом году. Пропущено также 26 445 тяжеловесных поездов (снижение на 0,9%). Отмечается проследование 4 123 длинносоставных и 483 сдвоенных контейнерных поезда. Количество брошенных поездов составило 5 188, что на 162 поезда больше, чем годом ранее. При этом снижение показателя зафиксировано по всем отделениям, кроме Жамбылского и Шымкентского.

С начала года по РЦУП-2 отправлено 5 566 пассажирских поездов, из них 5 288 – по расписанию. С опозданием отправлено 248 поездов, общая длительность отставания составила 183,4 часа (выполнение – 95,5%).

Всего прибыло 62 808 пассажирских поездов, из них по графику – 53 673. Зафиксировано 9 135 опозданий общей продолжительностью 5 823,1 часа. Выполнение составило 85,5%.

По грузовым перевозкам отправлено 43 098 поездов, из них 40 165 – по расписанию (93,1%). С задержкой – 2 933 поезда, на 28 626 часов. Всего проследовало 85 577 грузовых поездов, из них 71 812 – по расписанию (83,9%).

В целях повышения профессионального уровня и дисциплины проведено 12 технических занятий, 39 проверок, прослушано 22 регламента переговоров между диспетчерами и дежурными по станциям, а также проведено 22 внезапные проверки исполнения должностных обязанностей. По итогам проверок были составлены акты, организованы разборы, даны рекомендации и приняты меры по устранению выявленных недостатков.

– Такая системная работа позволяет своевременно выявлять и предупреждать нарушения, а также способствует росту ответственности и уровня подготовки сотрудников, – подчеркивает Айдос Тургалиев.

Совершенствование работы центра остается приоритетным направлением. Основной акцент делается на автоматизацию процессов управления движением, развитие мониторинга в режиме реального времени и повышение оперативности управленческих решений. Особое внимание уделяется диспетчерскому аппарату как ключевому звену в управлении перевозками. В условиях высокой интенсивности перевозок к их работе предъявляются повышенные требования по точности, оперативности и стрессоустойчивости.

№55 (3094) 22/07/2025

# КӘСІБИ БАҒДАР БЕРІЛДІ

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

КАДР САЯСАТЫ

**Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінде жақында ғана диплом алған түлектер мен олардың ата-аналарымен кездесу өтті.**



«Теміржолдың жылжымалы тартқыш құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығын алып шыққан түлектерге Тараз көліктегі оқу орталығының директоры Лашынкүл Күзербаева кеңес берді. Оның айтуынша, бітіруші түлектер орталықта локомотив машинисінің көмекшісі біліктілігі бойынша 10 айлық курста оқи алады.

– Оқу бағдарламасы бойынша кәсіптік білім алудың, колледжде алған білімді практикада шыңдаудың мүмкіндігі мол. Сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ кәсіпорындарында еңбек ете алады. Қазіргі кезде жұмысқа орналасуға өтінім беру, құжат қабылдау автоматты түрде электронды жүйеде жүргізіледі, – деп түсіндірді Тараз көліктегі оқу орталығының директоры.

Лашынкүл Рахымқызы машинист көмекшісін даярлаудың 10 айлық бағдарламасының мазмұны, оқу шарттары, оқуға түсу талаптары және курсты аяқтағаннан кейінгі мансаптық перспективаларына жан-жақты тоқталып, кеңінен түсінік берді.

*Суретті түсірген автор*

# ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ

**Ұлан ОРАЗ,**
Астана

ТЕКСЕРІС

**Жазғы теміржол тасымалының сапасын бақылау шеңберінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ Орталық аппараты қызметкерлерінен құрылған комиссия бірқатар пойыздардағы заң бұзушылықтарды анықтады.**

Ұлттық тасымалдаушының стандарттарын сақтауға бағытталған тексеру №47/48 «Астана-Атырау», №53/54 «Астана-Достық», №65/66 «Астана-Жезқазған», №605/606 «Қарағанды-Балқаш» және №623/624 «Астана-Петропавл» жолаушылар пойыздарына жүргізілді. Пойыздардың техникалық жағдайы мен сервисіне жасалған тексерулер барысында №47/48 пойыздың тіркеме вагонында генератордың ақауы тіркеліп, бұл жарықтың уақытша болмауына әкеп соққан. Жолаушыларға вагон-мейрамханада тамақ беріліп, техникалық жұмыстар аяқталғанға дейін ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.

№53/54 пойызда мультимедиялық жүйенің, ауаны желдетудің, электрмен жабдықтау розеткаларының, электрондық таблолардың жұмысындағы ақаулар, сондай-ақ мерзімі өткен дәрі қобдишалары анықталды. Сәйкессіздік актілері жасалып, қызметтік талқылаулар тағайындалды. №605/606 пойызда көрнекі ақпарат беру стандарттарының бұзылуы, дәретхана аймағында араластырғыштардың, қоқыс жәшіктерінің, тұтқалар мен есік тұтқаларының тиісті эстетикалық түрінің болмауы тіркелді. Құлайғыр станциясында пойыздың келуі мен жөнелтілуі туралы ескерту қойылмаған.

№65/66 пойызда арнайы қызметтік киімді сақтауға қойылатын талаптарды сақтамау және санитарлық-гигиеналық құралдарды дұрыс пайдаланбау жағдайы тіркелді. Ұлттық тасымалдаушы қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыруда және жолаушылардың өтініштеріне жедел ден қояды. Пойыз бригадаларының қызметі мен жұмысына қатысты барлық мәселелерге қатысты +7 776 714 5686 (WhatsApp) нөмірі бойынша кері байланысқа шығуға болады және вагондарда QR кодтары қойылған.

# «БІЛІМ ЭКСПРЕСІ» – АБАЙ ЕЛІНДЕ

СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

**Өткен аптаның соңында Семей қаласында биылғы жылы алғаш рет «Білім экспресі» ішкі тренерлер жобасы бойынша кезекті басқосу болып өтті. Екі күнге созылған іс-шара барысында аймақтағы жүзге жуық теміржолшы арнайы даярлықтан өтіп, сертификат алды.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей





Биылғы жылғы тақырыптар күйзеліске төзімділік, кикілжіңді басқару, эмоционалдық интеллект, тиімді коммуникациялар атаулары аясында өрбіді. Семинар-тренинг түрінде өткен дәрістерді Астана қаласынан келген мамандар – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің бизнес-серіктесі Алма Сәулебаева мен Гүлнар Катаева және Семей ЖТ бөлімшесінен жергілікті ішкі тренерлер Қазбек Смағұлов пен Бекзат Кәрімханов жүргізді.

– Бұл өткізіліп отырған тренингтерге ұзақ даярландық. Теміржолшылар күнделікті қызмет барысында ғана емес, тұрмыста да түрлі оқиғаларға тап болып жатады. Ондайда ерік-жігерді басқарып, сезімді ақылға жеңдірудің маңызы аса зор. Ұлттық компанияның басты құндылығы оның қызметкерлері десек, олардың стреске төзімді, коммуникациялық қабілеттері зор болуы тиіс. Біздің көздеген мақсатымыз да осы, – дейді ішкі тренер Бекзат Нұрланұлы.

Тоқтала кетсек, тренингтер барысындағы тағы бір негізгі міндет – қызметкерлердің біліктілігін арттыру, өз бетінше білім алуын қолдау, корпоративтік мәдениет деңгейін арттыру, білім базасын жаңарту. Соның нәтижесінде компанияда пойыздар қозғалысы және еңбек қауіпсіздігін, еңбек өнімділігін, компания тиімділігін арттыру күтіледі.

Айта кетерлігі, екі күнге созылған семинар-тренингтер мемлекеттік тілде өткізілді. Ал бағдарлама барысында тақырып аясындағы танымдық-тағылымдық мәні зор бейнероликтер көрсетілді. Қызу пікірталас та өрбіді.

Тренингтердің соңында барша қатысушыларға НЖС-6 бастығының орынбасары Дәурен Батталов пен кадр бөлімінің басшысы Данияр Баймағұлов салтанатты түрде арнайы сертификаттар табыстады.

*Суреттерді түсірген автор*

# АЛДАҒЫ МАУСЫМНАН НЕ КҮТЕМІЗ?

**Алда астық тасымалы науқаны тұр. Биыл республика бойынша 7,4 миллион гектар ауыл шаруашылығы алқаптары егілді. Мамыр айынан бастап нарық қатысушылары 2025-2026 жылдардағы жаңа астық маусымына белсенді дайындықты бастап кетті. Ал Ұлттық компания вагон айналымын жылдамдатуға, жеткізу мерзімін оңтайландыруға және өткізу қабілеті шектеулі аймақтарда тиімділікті арттыруға мүмкіндік беретін маршруттық және хабтық жөнелтілімдерді қалыптастыруға көңіл бөліп отыр.**



**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

Биылғы бидай егінінің болжамы әлі қалыптаспаған, бірақ күздік дақылдардың жағдайына байланысты өткен жылғыдан төмен болады деген болжам бар. Алдағы күзгі-қысқы кезеңде көмірді үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ 28 мыңға жуық вагон тартып отыр, оның 20 мыңы ашық вагондар. Бұл парк жүк тасымалдаудың болжамды көлемін жабуға мүмкіндік береді. Ұлттық компания күзгі-қысқы айларда ең жоғары жүктемелерді болдырмау үшін жүк жөнелтушілерді, жүк алушыларды және жергілікті атқарушы органдарды жыл бойына тиеу көлемін біркелкі бөлуге шақырып отыр.

Әлемде болып жатқан оқиғалар да көмір мен бидайдың жаһандық сауда ағынына, сондай-ақ олардың құнына және әртүрлі сауда кедергілерінің пайда болуына ықпал етуде. Өңірдегі геосаяси сілкіністер аясында жеткізілімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де басымдыққа ие. Мәселен, Ирандағы әскери қақтығыстың шиеленісуі қазақстандық астықты осы елге және оның аумағы арқылы транзитпен жеткізуге қауіп төндірді. Көлік дәліздерін бұзу қаупі, логистикаға шығындардың өсуі және порттарды бұғаттау осы бағыттағы экспорттың тұрақтылығын күмәнді етіп отыр.

Сонымен қатар нарық қатысушылары тиісті салалардың перспективалық дамуында ескерілуі керек. Мәселен, республиканың ауыл шаруашылығы министрлігі бидайдың дара дақыл егісінен күтім жасау бойынша ауқымды жұмысты жалғастыруда. Соңғы 2 жылда еліміздегі бидай егіс алқабы 730 мың гектарға қысқартылды. Сондай-ақ Мемлекет басшысының елімізді астықты терең өңдеу өнімдері бойынша әлемдік ТОП-10 экспорттаушы қатарына шығару жөніндегі алға қойған міндеті шеңберінде қосылған құны жоғары өнім түрлерін кеңейту жоспарлануда.

Осыған ұқсас шаралар көмір өнеркәсібі саласына да қатысты болып отыр. 2023 жылы республика энергия теңгеріміндегі көмір үлесін 2060 жылға қарай 60-тан 10%-ға дейін төмендетуді көздейтін Қазақстанды декарбонизациялау стратегиясын қабылдады. Осы ретте дәстүрлі көмір энергетикасына, өңдеу өнеркәсібінің маңызды сегментіне балама ретінде көмір химиясын дамыту және дәстүрлі өндіруден көмірді терең өңдеуге көшу перспективалы бағыт болып табылуда.

Келешекте бұл факторлар тек көлемде ғана емес, ең бастысы тасымалдау әдістерінде де көрініс табатын болады. Айталық, қазірдің өзінде тасымалдау процесін қиындататын көптеген факторларға қарамастан, астық жүктерін контейнерлік тасымалдаудың белсенді өсуі байқалып отыр. Осыған сүйене отырып, логистикалық процесті ұйымдастыруды, тиісті инфрақұрылымды, сондай-ақ технологияларды дайындауды одан әрі жетілдіру қажет.

Әрине, бұл ретте Қазақстан ставка жасайтын әлемдік нарықтарда болып жатқан оқиғаларды да ескеруі қажет. Мәселен, 2024 жылы 700 млн тоннадан астам көлемде дәнді дақылдардың рекордтық өнімін алған көрші Қытай өз өндірісінің одан әрі ұлғаюын күтуде, бұл міндетті түрде аспан асты елінің тұтыну көлеміне және ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерінің импортына әсер етері анық. Ал дәнді, майлы, жемшөп және басқа да өнімдер саудасы жөніндегі Еуропалық қауымдастықтың болжамы бойынша, 2025 жылы Еуропада бидай өнімі 297,8 млн тонна деңгейінде күтілуде, бұл қазіргі деңгейден 15 млн жоғары.

Қазақстандық қатты отын экспортының келешегіне келетін болсақ, оған ресейлік өндірушілердің еуропалық нарықты толық жоғалтуы әсер етуде, сарапшылардың болжауынша, жеткізілім 2025 жылы 8-10 млн тоннаға жетуі мүмкін, бұған Қытайдың энергия көміріне баж салығын енгізуі де әсер етуі мүмкін. Орташа алғанда, Еуропада жыл сайынғы көмір тұтыну 300 миллион тоннаға бағаланады, ал әлемдегі ең үлкен көмір нарығы жыл сайын 450 миллион тоннадан астам қатты отын импорттайды. Бұл елімізде екінші жыл қатарынан көмір өндіру көлемінің қысқаруына қарамастан, отандық экспорт үшін кең әлеует ашады. Осылайша, уақыт ағымындағы шынайылық теміржол саласынан тиісті өзгерістерді, икемділікті, технологияларды жетілдіруді, сенімді және тиімді логистика құруды талап етеді.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# ҚАЗАЛЫ – МАМАНДАР ҰСТАХАНАСЫ

АЙМАҚ

**Орынбор – Ташкент магистралінің бойында жатқан Қазалы станциясы – әу бастан мамандар ұстаханасы атанған маңызды тораптық станция. Теміржол тынысын тоқтатпай, ауысыммен үздіксіз еңбек етіп жатқан қазалылық теміржолшылар өндірістік көрсеткіштерді жоғары ұстап, жоспардан аса орындауды дәстүрге айналдырған.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда





Өндірістік жұмыс көрсеткіштері бойынша Қазалы станциясы жарты жылдық қорытындыда 104,4 және 163,5 пайыздық межені бағындырып, бөлімше бойынша алдыңғы қатардан көрінді.

Станция бастығының орынбасары Руслан Махашовтың айтуынша, биылғы алты айда 111 пойыз құрастырылып, 426 пойыз бөлшектелген. Пойыздардан 27 136 вагон ажыратылып, 28 035 вагон қайта құрамаға енгізілген.

– Жүк вагондарының құжаттары рәсімделмей бос тұру уақыты 1,40 сағаттан 1,34 сағатқа дейін қысқарып, жоспар 104,4 пайызға орындалды. Бұл – әріптестерімнің уақытты тиімді пайдаланып, нақты міндетті жауапкершілікпен атқаруының жемісі. Сондай-ақ 435 вагонға арналған жұмыс паркін 266 вагонға дейін азайту – өзара үйлесімділік пен кәсіби тәжірибе нәтижесі. Біздің станцияда әрбір теміржолшы өз орнында және кәсіпқой теміржолшының бәрі Қазалыда десем қателеспеймін, – дейді Руслан Махашов.

Айтса айтқандай, станцияға аялдаған пойыздарды ұршықша иіріп, саралап, сұрыптап, барар бағытына сай жедел әрі дәлме-дәл бағыттап отыратын станция кезекшілері Өмірбай Қарабеков, Мейірбек Малиев, Нұртаңат Бекбенбетов, Бақытбек Қараевтың қай-қайсысы да тәжірибелі мамандар, өз ісінің шеберлері. Олардың әрбір шешімі – нақты есепке, тәжірибеге негізделген, ал орындау тәсілі – кәсібиліктің көрінісі.

Пойыз құрастырушылар Мейрамбек Құлмұратов пен Асылқан Мұраттың жылжымалы құрамнан керекті вагонды ажыратып, тиісті тұйықтарға бағыттау барысында көрсететін тактикалық әдістері көркемдікпен өрілген шеберлікке ұқсайды. Жедел қимыл мен техникалық сауаттылықтың үйлесімі олардың қызметінің басты ұраны іспеттес.

Станция парктеріндегі қозғалыс легін талдап, қадағалап отыратын парк кезекшілері Еркін Үсенбаев, Сакен Ибраев және Әсия Мектепова – жұмысты мінсіз ұйымдастыру арқылы вагон айналымының уақытылы жүруіне үлкен үлес қосып келеді.

Жүк қабылдап-тапсырушылар Данияр Сарқытов пен Бейбітгүл Карбозова – әріптестері атқарған жұмысты құжат жүзінде рәсімдеп, нақтылығын қамтамасыз етіп, тасымал үдерісінің соңғы әрі жауапты буынын тап-түйнақтай етіп жүргізіп жүрген білікті мамандар.

Мұндағы өндірістік жұмыс қарқыны уақыт пен тәртіпке бағындырылып, өзара үйлесім тапқан жүйелі процесін көрсетеді. Түйіндей айтқанда, Қазалы станциясындағы әр маманның жұмысы – біртұтас жүйенің ажырамас тетігі. Олар қозғалыс қауіпсіздігін сақтап, тек нәтижеге жұмыс жасайтын нағыз кәсіби теміржолшылар екенін істерімен дәлелдеп отыр.

*Суреттерді түсірген автор*

# КАСПИЙСКИЙ ПУТЬ КАЗАХСТАНА

СОВЕЩАНИЕ

**За шесть месяцев 2025 года объем перевалки грузов через казахстанские морские порты составил 4,5 миллиона тонн, что на 25% превышает показатели аналогичного периода прошлого года. Существенный рост продемонстрировали и контейнерные перевозки по Транскаспийскому международному транспортному маршруту, укрепляя позиции Казахстана как важного звена на Евразийском логистическом мосту.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Астана

Эти итоги были озвучены на совещании в Министерстве транспорта Республики Казахстан, посвященном вопросам текущего состояния и дальнейшего развития морской отрасли. Совещание прошло под руководством председателя Комитета железнодорожного и водного транспорта Жанибека Тайжанова с участием представителей Морской администрации портов, Морского навигационного центра, национальных перевозчиков АО «Қазақстан темір жолы» и АО «Казмортрансфлот», морских портов Актау и Курык, а также компаний, задействованных в морской логистике и инфраструктуре.

В ходе мероприятия были заслушаны доклады руководителей ключевых предприятий отрасли. В их числе – Актауский морской порт (Д. Кутпанбаев), порт Курык (Б. Алибеков), АО «Кедентранссервис» (К. Аманжолов), АО «KTZ Express» (А. Капар), Актауский морской северный терминал (А. Билиджи), компания Kaspi Grain Way (Е. Абдиреев), а также представители Морского навигационного центра и Морской администрации портов. Руководители поделились текущими результатами работы, обозначили перспективы и рассказали о ходе реализации запланированных проектов.

В центре обсуждения находился ход исполнения Комплексного плана развития морской инфраструктуры, утвержденного в 2024 году во исполнение поручений Президента Республики Казахстан. Докладчики отметили прогресс в строительстве и модернизации портовых мощностей, развитии мультимодальных логистических центров, а также усилении взаимодействия с железнодорожной системой. Подчеркивалась важность цифровизации процессов, повышения пропускной способности и расширения судоходного флота.



Жанибек Тайжанов акцентировал внимание на важности своевременного исполнения поручений Главы государства, касающихся стратегического развития морского транспорта. Он отметил, что динамика грузоперевозок по Транскаспийскому маршруту и рост перевалки через порты являются результатом скоординированной работы всех участников процесса. Вместе с тем он подчеркнул, что на достигнутом останавливаться нельзя: необходимо продолжать работу по укреплению транспортной устойчивости страны, расширению международных партнерств и улучшению качества логистических услуг.

По итогам совещания были даны конкретные поручения, направленные на дальнейшее повышение эффективности и устойчивости морской отрасли. Среди приоритетов – координация между структурами, ускорение реализации инфраструктурных проектов, развитие кадрового потенциала и повышение конкурентоспособности национальных перевозчиков.

*Фото автора*

## Экспертное мнение

# ИНВЕСТИЦИИ В БУДУЩЕЕ

**Обладая многолетним опытом и глубоким знанием специфики железнодорожной системы, поделился своим экспертным мнением о текущем состоянии и перспективах развития железнодорожной отрасли ветеран транспорта, член Консультативного совета АО «НК «Қазақстан темір жолы» Калтай Самбетов. Он подчеркнул важность комплексного подхода к развитию инфраструктуры, внедрению инноваций и подготовке квалифицированных кадров.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

По словам ветерана, сегодня железная дорога – это не просто средство передвижения и перевозки грузов, а мощный двигатель экономики, оказывающий влияние на развитие регионов, промышленности и международных торговых связей.

Калтай Самбетов отметил, что в этом году День работников железнодорожного транспорта вновь будет отмечаться как самостоятельный профессиональный праздник. По его мнению, возвращение к этой традиции – важный шаг в признании вклада железнодорожников в развитие страны.

– Для нас, людей, отдавших многие годы этой профессии, важно чувствовать уважение и признание со стороны общества. Железная дорога – это не только рельсы и поезда, это труд тысяч людей, обеспечивающих бесперебойную работу важнейшей отрасли экономики, – подчеркнул он.

Он выразил уверенность, что восстановление статуса профессионального праздника станет символом преемственности поколений и будет способствовать повышению имиджа профессии среди молодежи.

